

## **Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі ФАТФ-тың Арнайы ұсынымдары**

Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес бойынша іс-қимылдардың аса маңыздылығын мойындай отырып, қаржыны жылыстатуға қарсы ФАТФ-тың қырық ұсынымына қосымша, ФАТФ терроризм мен террористік актілерді қаржыландыруды анықтау, болдырмау және жолын кесу жүйесінің негізін құрайтын келесі ұсынымдарды мақұлдады.

### **1. БҰҰ актілерін ратификациялау мен имплементациялау**

Әрбір елге 1999 жылғы Терроризмді қаржыландыруға қарсы күрес жөніндегі халықаралық конвенцияны ратификациялау және толық имплементациялау бойынша жедел қадамдар жасау қажет<sup>1</sup>.

Сондай ақ, елдерге терроризмді қаржыландыруды болдырмау мен алдын алуға қатысты БҰҰ-ның резолюциясын жедел түрде имплементациялау қажет, атап айтқанда БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің 1373 резолюциясы.

### **2. Терроризмді қаржыландыру және онымен байланысты қаржыны жылыстатудың қылмыстық сипатын тану**

Әрбір ел терроризмді, террористік актілер мен террористік ұйымдарды қаржыландыруды қылмыстық әрекет ретінде тануы тиіс. Елдерге осындай әрекеттерді қаржыны жылыстатқаны үшін алдағы уақытта қудалау үшін негізгі құқық бұзушылық ретінде тануды қамтамасыз етуге тиіс.

### **3. Террористік активтерді тоқтату және тәркілеу**

Әрбір елге терроризмді қаржыландыруды болдырмау мен алдын алуға қатысты БҰҰ-ның резолюцияларына сәйкес террористердің қаржыларын және өзге активтерін, сонымен қатар терроризм мен террористік актілерді қаржыландыратын тұлғаларды кідірмей тоқтату үшін механизмдер құру қажет.

---

<sup>1</sup> ФАТФ-ың 40+9 Ұсынымдарына Сәйкестіктің бағалау әдістемесіне сай «тиіс» термині «міндетті» дегенді білдіреді.

Әрбір елге терроризмді, террористік актілер мен террористік ұйымдарды қаржыландыруға арналған немесе пайдалануынан алынған кіріс болып табылатын мүлікті қамауды және тәркілеуді жүзеге асыруға уәкілетті органдарға мүмкіндік беретін шараларды қабылдау және имплементациялау керек оның ішінде заңды шаралар.

#### 4. Терроризмді қаржыландыруға қатысты күдікті операциялар туралы хабарламалар

Егер де қаржы мекемелері, өзге ұйымдар және қаржыны жылыстатуға қарсы салада қызмет атқаратын тұлғалар, қаржыларды терроризм, террористік актілер және террористік ұйымдармен байланысты, немесе қатысы бар, болмаса арналған деп күдіктенсе немесе күдіктенуге саналы түрдегі негіздер болса, оларды өздерінің күдіктері туралы уәкілетті органдарға кідіртпей хабарлауды міндеттеу қажет.

#### 5. Халықаралық ынтымақтастық

Әрбір ел терроризмге, террористік актілер мен террористік ұйымдарға қатысты сұрау салулар мен сот процедуралары, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік тергеулерге байланысты, ақпарат алмасу немесе өзге өзара құқықтық көмек механизмі немесе мәміле, келісім негізінде басқа елге барынша көмек көрсетуге тиіс.

Елдерге сондай-ақ, терроризмді, террористік актілер мен террористік ұйымдарды қаржыландыруға қатысты айыпталған тұлғаларға паналайтын жер берудің болдырмауын қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін болатын шараларды қабылдау, және мүмкіндігінше осындай тұлғаларды беру бойынша процедуралар орнату қажет.

#### 6. Ақша аударымдарының балама жүйелері

Әрбір елде барлық жеке және заңды тұлғалар, ақша немесе құндылықтарды аудару бойынша қызмет көрсететін агенттерді қосқанда, формалдық емес жүйелерді немесе ақша болмаса құндылықтарды аудару жүйесін қосқанда лицензиялауға немесе тіркеуге алуға жатқызуға шаралар қабылдау қажет және де оларға банктік немесе банктік емес қаржы мекемелеріне қолданылатын ФАТФ-тың барлық ұсынымдары қолданылуы тиіс. Әр елге осындай қызметтерді заңсыз ұсынатын жеке және заңды тұлғаларға қатысты әкімшілік, азаматтық немесе қылмыстық санкцияларды қолдануды қамтамасыз ету қажет.

#### 7. Электронды аударулар

Елдерге ақша аударуларымен айналысатын ұйымдарды қосқанда қаржы мекемелерінен жасалудағы аударудың барлық кезеңінде ілеспе хабарламамен немесе аударумен бірге осындай ақпаратты сақтап және ілеспе хабарламаға жіберуші (аты, мекен-жайы, есеп-шот нөмірі) туралы мазмұнды және нақты ақпаратты қосуды талап ететін шараларды қабылдау қажет.

Елдерге ақша аударымдарымен айналыстанын мекемелерді қосқанда, қаржы мекемелері жіберуші (аты, мекен-жайы, есеп шот нөмірі) туралы толық ақпараты жоқ күдікті ақша аударымға мониторинг немесе тереңдетілген тексерулер жүргізуді қамтамасыз ететін шараларды қабылдау қажет.

## 8. Коммерциялық емес ұйымдар

Елдерге терроризмді қаржыландыруға пайдаланылуы мүмкін мекемелерге қатысты заңдар және нормативтік актілердің адекваттығын талдау қажет. Коммерциялық емес ұйымдардың ерекше осалдығын ескеріп, елдерге оларды қылмыстық мақсатта пайдаланудың мүмкінсіздігін қамтамасыз ету қажет:

- (i) заңды мекемелердің астында жасырынған террористік ұйымдармен;
- (ii) терроризмді қаржыландыру үшін таса ретінде, оның ішінде активтерді тоқтатуды болдырмау мақсатында;
- (iii) террористік ұйымдарды қаржыландыруға заңды әрекет ету үшін арналған қаржылардың жасырын алынуын жасыру немесе бүркемелеу.

## 9. Қолма қол ақша тасымалдау жөніндегі шабармандар

Мемлекеттерде декларациялау жүйесін немесе ашу бойынша өзге міндеттемелерді қоса олардың шекарасы арқылы ұсынушыға айналым құралдары мен нақты қаржының физикалық қозғалысын анықтау механизімі болуы қажет.

Мемлекеттерге олардың уәкілетті органдарының ақшаны жылыстатуға немесе терроризмді қаржыландыруға қатысы болуы мүмкін деген күдік туған жағдайда, немесе жалған декларацияланған, немесе олар туралы жалған ақпарат ашылса ұсынушыға нақты ақша және айналым құралдарының қозғалуын тоқтатуға немесе ұстап тұру бойынша өкілеттіктерінің болуын қамтамасыз ету керек.

Мемлекеттерге жалған декларациялайтын, немесе дұрыс емес ақпарат беретін тұлғаларға тиімді, пропорционалды және тоқтамды санкцияларды қолдануды қамтамасыз ету қажет. Ұсынушыға арналған айналым құралдары

немесе нақты қаржылардың терроризмді қаржыландыру немесе қаржыны жылыстатумен байланысты болған жағдайда мемлекеттерге шаралар қабылдау қажет, оның ішінде осындай қаржыларды немесе бағалы қағаздарды тәркілеуге мүмкіндік беретін 3 Ұсынымға және III Арнайы ұсынымдарға сәйкес заңнамалық шараларды.

## II Арнайы Ұсынымға түсіндірме хат:

Терроризмді қаржыландыру және онымен байланысты қаржыны жылыстатудың қылмыстық сипатын мойындау

### Мақсат

1. II Арнайы Ұсыным (II АҰ) терроризмді қаржыландыратын тұлғаларға қылмыстық қудалау мен қылмыстық жазаны қолдануға елдерде құқықтық негіздердің болуын қамтамасыз ету үшін әзірленген. Халықаралық терроризммен тағы одан басқа қаржыны жылыстатумен тығыз байланысты есепке ала отырып, II АҰ басқа мақсаты – қаржыны жылыстату үшін предикаттық қылмыс ретінде терроризмді қаржыландыруды тану бойынша елдерге міндеттемелер жүктеу жолымен бұл байланысты атап көрсету. Терроризмді қаржыландыруды қылмыс деп тану үшін 1999 жылғы Терроризмді қаржыландыруға күрес туралы БҰҰ-ның Халықаралық Конвенциясы негіз болуы керек<sup>2</sup>.

### Анықтамалар

2. II АҰ және осы Түсіндірме хат үшін, келесі анықтамалар пайдаланылған:

а) құралдар термині кез келген тектегі активтерді білдіреді, көрнекі немесе көрнекі емес, жылжымалы немесе жылжымайтын, оларды алу тәсіліне байланыссыз, сондай-ақ, заңдық құжаттар немесе кез келген үлгідегі актілер, соның ішінде электронды немесе сандық, осындай актілерге немесе оған қатысуға куәландыру құқығын беретін, банктік кредиттерді қосқанда, жолдық чектер, банктік чектер, қаржылық тапсырмалар, акциялар, бағалы қағаздар, облигациялар, вексельдер, аккредитивтер, алайда олармен шектелмеген.

б) Террорист термині кез келген жеке тұлғаны білдіреді: (i) заңсыз және саналы, тікелей немесе жанама кез келген тәсілмен террористік актілерді жасайды немесе жасауды жоспарлайды; (ii) террористік актілерге сыбайлас ретінде қатысады; (iii) террористік актілер жасауға басқа тұлғаларды жұмсайды немесе ұйымдастырады; немесе (iv) ықпалдастық саналы түрде және террористік актіге ықпал ету мақсатында немесе террористік актіні жасауды топтың ниетін сезініп жасалған, жалпы мақсатпен әрекеттенетін топ адамдармен террористік акт жасауға ықпал етеді.

с) Террористік акт термині:

---

<sup>2</sup> БҰҰ Конвенциясы 2001 жылы II АҰ қолданысқа енгенге дейін өз күшіне енбесе де - сондықтан да АҰ-ға оған сілтеме жоқ - II АҰ басылымға шығарылуынан бастап ФАТФ-тың мақсаты Конвенцияда белгіленгендей қылмыс деп тану критерийін қайталау және күшейту (2-б. қараңыз). Аталған Конвенция 2003 жылдың сәуірінде күшіне енді.

(i) Келесі келісім-шарттардың бірінде белгіленгендей шекте қылмысты құрайтын әрекет: Әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы конвенция (1970),

Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге қарсы күрес туралы конвенция (1971), Халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға, соның ішінде дипломатиялық агенттерге қарсы қылмыстарды болдырмау және жазалау туралы конвенция (1973), Адамдарды кепілдікке басып алумен күрес туралы халықаралық конвенция (1979), Ядролық материалды физикалық қорғау туралы конвенция (1980), Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз әрекеттермен күрес туралы конвенцияны толықтыратын, Халықаралық азаматтық авиацияға қызмет көрсететін әуежайлардағы заңсыз зорлық әрекеттермен күрес туралы хаттама (1988) Теңіз кеме қатынастарының қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз әрекеттермен күрес туралы конвенция (1988), Континентальдық шельфте орналасқан стационарлық платформа қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз әрекеттермен күрес туралы хаттама (1988), және Бомбалық терроризммен күрес туралы халықаралық конвенция (1997); және

(ii) үкіметті немесе халықаралық ұйымды белгілі бір әрекетті жасауға немесе жасаудан тартынуға мәжбүрлеу ниеті немесе халықтың үрейін туғызу болып табылатын мәні немесе сипаты бойынша осындай актінің мақсаты болып табылатын, қарулы қақтығыс жағдайында жауынгерлік әрекеттерге белсенді қатыспаған азаматтық немесе кез келген өзге тұлғаға маңызды дене зақымын келтіруге немесе өлтіруге бағытталған кез келген басқа әрекет.

d) Терроризмді қаржыландыру терминіне (ТҚ) террористік актілерді, террористер мен террористік ұйымдарды қаржыландыру кіреді.

e) Террористік ұйымы термині кез келген террористер тобын білдіреді: (i) кез келген шарамен тікелей және жанама, заңсыз және қасақана террористік актіні жасауға оқталады немесе жасайды; (ii) террористік актілерге сыбайлас ретінде қатысады; (iii) террористік акт жасауға өзге тұлғаларды жұмсайды немесе ұйымдастырады; немесе (iv) топтың террористік акт жасау ниетін ұғынумен немесе террористік актіге жәрдемдесу мақсатымен және жәрдемдесу саналы түрде жасалған жағдайда ортақ мақсатта әрекет ететін тұлғалар тобымен террористік актілерді жасауға жәрдемдеседі.

Терроризмді қаржыландыру қылмысының сипаттамасы

3. Терроризмді қаржыландыру қылмысы Қаржыны тікелей немесе жанама, заңсыз ниетпен пайдалануға, немесе олардың толық немесе жартылай пайдалануының қажеттігін түсіне отіріп, кез келген тәсілмен жинайды немесе қасақана ұсынатын кез келген тұлғаға қатысты болуы тиіс:

(a), террористік актіні(-лерді) іске асыру үшін); (b) террористік ұйымдармен; немесе (c) жеке алынған террористпен.

4. Терроризмді қаржыландыруды тек ықпал ету мен көмек көрсету, талпыну, немесе сөз байласудың негізінде қылмыс деп тану осы Ұсынымға сәйкес келмейді.

5. Терроризмді қаржыландыру қылмысы кез келген заңды және заңсыз көзден шыққан қаржыларға қатысты болуы тиіс.

6. Терроризмді қаржыландыру қылмысы үшін қаржының:

(i)террористік актіні (актілерді) жасауда немесе жасауға талпыныста пайдаланылуының; немесе (ii) нақты террористік актімен (актілер) байланысты болуы міндетті емес.

7. Терроризмді қаржыландыру қылмысын жасауға талпыну да қылмысты іс болып саналуы тиіс.

8. Төменде көрсетілген әрекеттердің түрлеріне қатысу да қылмыстық іс болып саналуы тиіс:

а) Осы Түсіндірме хаттың 3 және 7 тармақтарында көрсетілген қылмыстардың қандай да болмасын біреуін жасауға сыбайлас ретінде қатысу;

б) Осы Түсіндірме хаттың 3 және 7 тармақтарында көрсетілген қылмыстардың қандай да болмасын біреуін жасауға мақсатпен басқа тұлғаларды басқару немесе ұйымдастыру;

с) Жалпы мақсатта әрекет ететін тұлғалар тобымен Осы Түсіндірме хаттың 3 және 7 тармақтарында көрсетілген қылмыстардың біреуіне немесе одан да көбін жасауға жәрдемдесу. Бұндай жәрдемдесудің қасақана сипаты болу керек және жасалуы керек:

i) болмаса осындай әрекет немесе мақсат терроризмді қаржыландыру қылмысын жасауды болжайтын болғанда топтың қылмыстық әрекеті немесе қылмыстық мақсаттарын қолдау мақсатында; немесе ii) терроризмді қаржыландыру қылмысын жасауға топтың ниетін түсінгенде.

9. Терроризмді қаржыландыру қылмысы қаржыны жылыстатуға предикатты қылмыс болуы қажет.

10. Терроризмді қаржыландыру қылмыс (тар) жасаушы күдікті тұлғаның террорист (ер)/террористік ұйым(дар) орналасқан елде немесе террористік акті(лер) жасалған/жасалады немесе өзге мемлекетте болғанына қарамастан қылмыс болып есептелуі тиіс.

11. Заңнама нақты объективтік жағдайлардан терроризмді қаржыландыру қылмысы ниетінің элементін шығаруға рұсат беруге тиіс.

12. Терроризмді қаржыландыруға қатысты қылмыстық жауапкершілік заңды тұлғалараға қатысты болуы керек. Бұл мүмкін болмаған жағдайда (яғни ішкі заңнамасының іргелі қағидаларынан) оған азаматтық немесе әкімшілік жауапкершілік қолданылуы тиіс.

13. Заңды тұлғалараға терроризмді қаржыландырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту жауапкершіліктің біреуден артық формалары қарастырылған елдерде параллелді қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік талқылау мүмкіндігін жоққа шығармауға тиіс.

14. Жеке және заңды тұлғаларға терроризмді қаржыландырғаны үшін әсерлі, пропорционалды және профилактикалық қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік санкциялар қолданылуы қажет.

### III Арнайы Ұсынымға Түсіндірме хат: террористер активтерін тоқтату және тәркілеу

#### Мақсаттары

1. III Арнайы Ұсыным екі міндеттемеден тұрады. Бірінші юрисдикциядан БҰҰ-ның тиісті резолюцияларына сәйкес терроризммен байланысты өзге мүлікті немесе қаржыларды қажет болған жағдайда алып қою немесе кідірмей тоқтатуға мүмкіндік беретін шараларды қабылдауды талап етеді. III Арнайы Ұсынымның екінші міндеттемесі юрисдикцияға құзырлы орган немесе соттың шығарған ордердің немесе механизмнің негізінде террористердің қаржысын немесе өзге мүлкін алып қоюға немесе тәркілеуге мүмкіндік беретін шаралардың болуында.

2. Бірінші талаптың мақсаты болып террористік іс-қимылды қаржыландыру үшін осындай қаржылар немесе өзге мүлік пайдаланылуы мүмкін деп есептейтін немесе күдіктенуге нақты себеп немесе саналы негіздердің дәйегінен терроризммен байланысты қаржыны немесе өзге мүлікті тоқтату болып табылады. Екінші талаптың мақсаты осы қаржылар немесе өзге мүлік және террористермен немесе террористік ұйымдар арасында байланыс жеткілікті орнатылған жағдайда террористерді осы қаржылардан немесе өзге мүліктен айыру болып табылады. Бірінші талаптың міндеті ескерту, ал екінші – негізінен ескерту және жазалау. Екі талапта террористер мен террористік жүйелерді алдағы террористік әрекеттерді және олардың инфрақұрылымын және операцияларын жүзеге асыруға арналған қаржыдан айыру үшін қажет.

#### Көлемі

3. III Арнайы Ұсынымның мақсаты бірінші талапты есепке ала отырып, террористік актілерді қаржыландыруды алдын алу мен жолын кесуге қатысты БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің (БҰҰ ҚК) резолюцияларының – 1267 (1999 ж.) және кейінгі резолюциялары<sup>3</sup>, 1373 (2001ж.) тоқтатуға, қажет болған жағдайда террористердің активтерін алып қоюға жататын кез келген басқа резолюциялар шеңберінде міндеттемелерді толықтыру болып табылады. III Арнайы Ұсыным бойынша міндеттеменің біреуі де қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік тергеу және процесі контекстінде қаржыға немесе өзге мүлікке қатысты әрекеттер үшін бар болуы мүмкін міндеттемелерді немесе шараларды ауыстыруды мақсат етпейтінін айта

---

<sup>3</sup> 1267 (1999ж.) резолюция қабылданған кезде бір жылға уақытша шеңберлері болды. БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесімен резолюциялар қатары 1267 (1999ж.) резолюцияның ережелерін кеңейтіп өрі қарай нақтылау үшін қабылданған. Кейінгі резолюциялар деп алғашқы резолюциямен 1267 (1999ж.) тікелей байланысты және оны кеңейтетін резолюциялар танылады. Аталған Түсіндірме хатты шығару кезеңіне бұл резолюциялар 1333 (2000ж.), 1363 (2001ж.), 1390 (2002ж.) және 1455 (2003ж.) тұратын. Осы Түсіндірме хатта 1267 (1999ж.) термині 1267 (1999ж.) резолюциясына және олардан кейінгі резолюцияларға жатады.

кеткен жөн<sup>4</sup>. III Арнайы Ұсынымның фокусы оның орнына террористік топтарға арналған қаржыны немесе өзге мүлікті пайдалануға немесе ағымын тоқтату контекстінде бірегей және қажетті превентивті шараларға бағытталған.

4. 1267 (1999) және 1373 (2001ж.) резолюциялары қаржылары немесе өзге мүлкі тоқтатылуға тиіс тұлғалар мен компаниялар, осы тағайындауларды және осы тағайындаулардың ықпалын қабылдауы үшін жауапты органдары бойынша ерекшеленеді.

5. 1267 (1999 ж.) резолюция және оның соңынан ерген резолюциялар юрисдикцияларды осындай тұлғалармен пайдалану үшін олардың территориясындағы кез келген тұлғасы немесе олардың азаматтары арқылы тікелей немесе жанама не осы, не қандай болмасын басқа қаржылар немесе өзге мүліктің қол жетімді болмауын қамтамасыз ету және олардың тапсырмасы бойынша немесе олардың атынан әрекет ететін тұлғалар немесе олардың тікелей немесе жанама, басқаруындағы немесе иелігіндегі қаржыдан немесе өзге мүліктен алынған қаржыларды қосқанда БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің 1267 резолюциясының (Аль-Кайда мен Талибанға қатысты санкциялар бойынша комитет) орындалуына құрылған Аль-Кайда мен Талибанға қатысты санкциялар бойынша комитеті белгілегендей Аль-Каида, Талибан, Усама бен Ладен немесе олармен байланысты тұлғалар мен компаниялар бақылауындағы немесе меншігіндегі қаржыларды және өзге мүлікті кідіртпей тоқтатуға міндеттейді. Аль-Кайда мен Талибанға қатысты санкциялар бойынша комитет 1267 (1999 ж.) резолюциясына сәйкес қаржылары немесе өзге мүлкі тоқтатылуға тиіс тұлғалар мен компанияларды тағайындауға жауапты орган болып табылады. БҰҰ-ның мүшесі болып табылатын барлық юрисдикциялар 1267 (1999 ж.) резолюциясы бойынша Аль-Кайда мен Талибанға қатысты санкциялар бойынша комитеті<sup>5</sup> тағайындаған тұлғалар мен компаниялардың қаржысын тоқтатуға міндетті.

6. 1373 (2001 ж) Резолюция юрисдикцияларды<sup>6</sup> террористік актілер жасайтын немесе жасауға талпынған немесе террористік актілерге қатысатын немесе оларды жасауға жәрдемдесетін тұлғалардың қаржыларын немесе өзге мүлкін; осындай тұлғалардың тікелей немесе жанама бақылауындағы немесе меншігіне жататын заңды тұлғалардың; осындай тұлғалар мен компаниялардың тапсырмалары бойынша немесе атынан әрекеттенетін

---

<sup>4</sup> Мысалы, Есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ-ның Конвенциясы (1988) сияқты, БҰҰ-ның Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияда (2000 ж) трансұлттық қылмыспен күрес контекстінде тоқтатуға, алып қоюға және тәркілеуге қатысты міндеттемелерден тұрады. Бұл міндеттемелер 1267 (1999ж.) резолюцияларында және III Арнайы Ұсынымда белгіленген міндеттемелерден бөлек және дербес тұрады.

<sup>5</sup> БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі БҰҰ Жарғысының VII тарауына сәйкес әрекет еткен кезінде, оның қабылдаған резолюциялары БҰҰ-ның барлық мүшелері үшін міндетті болып табылады.

<sup>6</sup> 1373 (2001ж.) резолюциясын қабылдағанда БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі БҰҰ Жарғысының VII тарауына сәйкес әрекет етті (алдыңғы сілтемеге қараңыз).

тұлғалардың да, компаниялардың да, осындай тұлғалар және ассоциацияланған тұлғалар мен мекемелердің тікелей немесе жанама бақылауындағы немесе иелігіндегі мүліктен алынған қаржыларды немесе өзге мүлікті қосқанда кідіртпей тоқтатуға міндеттейді. Әрбір жеке юрисдикция қаржысы немесе мүлкі тоқтатылуға тиіс тұлғаларды және компанияларды анықтауға құзыретті. Қосымша, юрисдикциялар арасында тиімді ынтымақтасудың дамуын қамтамасыз ету үшін басқа юрисдикциялардың тоқтату механизмдері бойынша бастаған шараларын тиісті түрде жүзеге асыру және қарау қажет. Нақты ескертпе хат немесе хабарлама жолданған кезде (i) сұрау салу алған юрисдикция Қолданылатын құқықтық қағидаларға сәйкес қанағаттандырылса, яғни сұратылған тағайындау саналы негіздермен расталса, немесе шамалаған тұлғаның террорист, терроризмді қаржыландыратын адам, немесе террористік ұйым болып табылады деп есептеуге немесе күдіктенуге саналы негіз болғанда, сұрау салу алған юрисдикция тағайындалған тұлғаның қаржысын немесе өзге мүлкін кідіртпей тоқтауды қамтамасыз ету тиіс.

## Анықтамалар

7. III Арнайы Ұсынымдар мен осы Түсіндірме хаттың мақсаттары үшін келесі анықтамалар қолданылады:

а) Тоқтатып қою термині тұралату тетігі шеңберінде уәкілетті органмен немесе сотпен басталған шаралар әрекетінің негізі мен мерзімінде қаржының немесе өзге мүлікті аудару, конверсия, басқару немесе қимылына тиым салуды білдіреді. Тоқтату кезінде аталған қаржыларда немесе өзге мүлікте мүдделі тоқталып қалған қаржылар немесе өзге мүлік тұлғаның(лардың) немесе компанияның(лардың) меншігі болып қала береді және тоқтату механизміне сәйкес шаралардың басталуына дейін осындай(лардай) тұлғамен(лермен) немесе компаниямен(компаниялармен) тағайындалған қаржы мекемесі немесе өзге басқару ұжымдарымен басқарылуының жалғасуы мүмкін.

б) Алып қою термині тоқтату механизмі шеңберінде уәкілетті органмен немесе сотпен басталған шаралар әрекетінің негізінде қаржының немесе өзге мүлікті аудару, конверсия, басқару немесе қимылына тиым салуды білдіреді. Дегенмен, тоқтату жөніндегі акциядан қарағанда, алып қою уәкілетті органға немесе сотқа аталған қаржы немесе өзге мүлікті бақылауға алуға рұқсат беретін механизммен жүзеге асырылады. Алып қою кезінде аталған қаржыларда немесе өзге мүлікте мүдделі алып қойылған қаржылар немесе өзге мүлік тұлғаның(лардың) немесе компанияның(лардың) меншігі болып қала береді, дегенмен уәкілетті орган немесе сот алып қойылған қаржы

немесе өзге мүлікпен иеленуді, әкімдікті немесе басқаруды өздеріне қабылдайды.

с) тәркілеу термині мүдделі органның немесе соттың ордері бойынша қаржыны немесе өзге мүлікті толық тартып алуды білдіреді. Тәркілеу мен айыру аталған қаржы немесе өзге мүлікке иелік етуді мемлекетке беретін сот немесе әкімшілік процедуралармен жүзеге асырылады. Бұл жағдайда тәркілеу немесе тартып алу кезінде аталған қаржыларды немесе өзге мүлікте<sup>7</sup> мүдделі болған тұлға (тұлғалар) немесе компания (компаниялар) тәркіленген немесе тартып алынған мүлікке деген барлық құқықтарын жоғалтады.

д) Қаржылар немесе өзге мүлік термині қаржылық активтерді, кез келген мүлік, материалдық немесе, жылжымалы немесе жылжымайтын, кез келген амалмен алынған, және құқықтық құжаттар немесе кез келген нысандағы құралдар, осындай қаржыларды немесе өзге активтері мүдделілік немесе құқықтарды куәландыратын электрондық немесе сандықты қоса, банктік кредиттер, жол чектері, банк чектері, ақшалай тапсырмалар, акциялар, бағалы қағаздар, бондтар, траттар, немесе сенімхаттар, және кез келген пайыздар, дивидендтер немесе өзге кіріс немесе осындай қаржылармен немесе өзге активтермен алынатын немесе жасалатындарды қосқанда, бірақ олармен шектелусіз.

е) Террорист термині кез келген жеке тұлғаға жатады: (i) кез келген шарамен тікелей және жанама, заңсыз және қасақана террористік актіні<sup>8</sup> жасауға оқталады немесе жасайды; (ii) террористік актілерге немесе терроризмді

---

<sup>7</sup> Тәркілеуге немесе алыстатуға арналған ордерлер әдетте заң бұзуға пайдалану үшін тағайындалған немесе шыққан ретінде анықталатын тәркіленген немесе алыстатылған мүлік сот үкімдері мен сот шешімдерімен байланысты

<sup>8</sup> Террористік акт келесі келісім-шарттардың біреуінде белгіленгендей шекте құқықбұзушылық болып табылатын акт; Әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы конвенция, Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге қарсы күрес туралы конвенция, Халықаралық қорғауды пайдаланатын тұлғаларға, соның ішінде дипломатиялық агенттерге қарсы қылмыстарды болдырмау және жазалау туралы конвенция, Адамдарды кепілдікке басып алумен күрес туралы халықаралық конвенция, Ядролық материалды физикалық қорғау туралы конвенция, Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз әрекеттермен күрес туралы конвенцияны толықтыратын, Халықаралық азаматтық авиацияға қызмет көрсететін әуежайлардағы заңсыз зорлық әрекеттермен күрес туралы хаттама, Теңіз кеме қатынастарының қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз әрекеттермен күрес туралы конвенция, Континентальдық шельфте орналасқан стационарлық платформа қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз әрекеттермен күрес туралы хаттама, және Бомбалық терроризммен күрес туралы халықаралық конвенция

қаржыландыруға сыбайлас ретінде қатысады; (iii) террористік акт жасауға немесе терроризмді қаржыландыруға өзге тұлғаларды жұмсайды немесе ұйымдастырады; немесе (iv) топтың террористік акт жасау ниетін ұғынумен немесе террористік актіге жәрдемдесу мақсатымен және жәрдемдесу саналы түрде жасалған жағдайда ортақ мақсатта әрекет ететін тұлғалар тобымен террористік актілерді жасауға жәрдемдеседі.

f) терроризмді қаржыландыратындар фразасы осындай тұлғалардың, топтардың, кәсіпорындар немесе басқа ұйымдардың атынан немесе тапсырмасы бойынша әрекет ететін кез келген тұлғалар немесе компанияларға немесе террористік актілерді жүзеге асыруда көмек көрсету мақсатында толық немесе жарым-жартылай пайдаланылуы мүмкін қаржылар немесе өзге активтерді тікелей немесе жанама түрде кез келген амалдармен ұсынатын немесе жинайтын кез келген тұлғаға, топқа кәсіпорынға немесе басқа ұйымға жатады.

Бұл террористік актілерді жүзеге асыру мақсатында толық немесе жарым-жартылай пайдаланылуы немесе олардың пайдаланылуының тиіс екендігін білу ниетімен қаржыны немесе өзге активтерді ұсынатын немесе жинайтындарды қосады.

g) террористік ұйым термині террористпен (террористермен) тікелей немесе жанама түрде қадағаланатын немесе меншігендегі кез келген заңды тұлғаға, топқа кәсіпорынға немесе басқа ұйымға жатады.

h) Тағайындалған тұлғалар термині 1267 (1999ж.)резолюцияның орындалуына сәйкес Аль-Каида мен Талибанға қатысты санкциялар бойынша комитетпен, немесе 1373 (2001ж.) резолюциясын орындауға сәйкес юрисдикциялармен белгіленген тұлғалар мен ұйымдарға жатады.

i)1267 (1999ж.) резолюцияның мақсаттары үшін кідіртпеу фразасы, Аль-Каида мен Талибанға қатысты санкциялар бойынша комитетпен тағайындалғаннан кейін бірнеше сағат мерзімінде. 1373 (2001ж.) резолюцияның мақсаттары үшін кідіртпей фразасы терроризмді немесе террористік ұйымды қаржыландыратын тұлға немесе ұйым террорист болып табылады деп есептеу немесе қауіптенудің саналы себептері мен саналы негіздері алғаннан кейін есептеледі.

Кідіртпей фразасы олардың ағымына жылдам тиым салу мен тоқтату бойынша жаһанды, координацияланған әрекеттің қажеттілігі мен

терроризммен байланысты өзге мүлік пен қаржының қашуы мен шашылуына жол бермеу қажеттілігі контекстінде түсіндірілуі тиіс.

Терроризммен байланысты қаржы мен өзге мүлікті кідіртпей тоқтату.

8. Юрисдикцияның III Арнайы Ұсынымды превентивтік міндетін орындау мақсатында 1267 (1999ж) және 1373 (2001ж.) резолюцияларына сәйкес қажетті құзыреттік пен терроризмді және террористік ұйымдарды қаржыландыратын террористердің қаржыларын немесе өзге активтерін тоқтатуға арналған келесі стандарттар мен процедуралар қабылдау қажет:

а) Тағайындалған тұлғалардың қаржысымен немесе өзге мүлікпен мәмілелерді тоқтату, босату, тоқтатуға тиым салу бойынша құзыреттік. Юрисдикциялар орындалу үшін міндетті шаралармен қаржы немесе өзге мүлікті аударуды, конверсияны, басқаруды немесе қозғалысына тиым салу. Қаржыны немесе өзге мүлікті тоқтату мен босату құзыреттікті ұсыну таңдауын қосады:

(i) тиісті механизмдер шеңберінде тоқтату немесе босату бойынша шараларды орындау мен шығару, әкімділік үшін уәкілетті органды немесе сотты тағайындау мен құзыреттік беру.

(ii) орындамағаны үшін санкция тағайындау мен қаржыны немесе өзге мүлікті сақтайтын тұлға немесе ұйымға уәкілетті органмен немесе сотпен жариялы анықталған, тағайындалған тұлғаның қаржысы мен өзге мүлкін босатқаны үшін жауапкершілік тағайындайтын заңнаманы енгізу.

Қаржыны немесе өзге мүлікті босату мен тоқтату бойынша құзыреттілік терроризмді және террористі ұйымдарды қаржыландыратын террористердің тікелей немесе жанама бақылауында немесе иелігінде қаржы немесе өзге мүлікінен шыққан қаржы немесе өзге мүлікіне таратылуы тиіс.

Қандай болмасын таңдау жасалғанда осы шараларды орындауға жауапты нақты анықтау органдары болуға тиіс.

Уәкілеті органдар тікелей немесе жанама иелігінде немесе бақылауындағы ұйымдар; осындай тұлғалардың немесе ұйымдардың атынан немесе тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлғалар мен ұйымдар; осындай тұлғалар мен ұйымдардың терроризм мен террористік ұйымды қаржыландыратын тағайындаған тұлғалардың пайдасына толық немесе бірлесе олардың азаматтары немесе кез келген тұлғаларға олардың территориясы шегінде кез келген қаржы немесе өзге мүлікті, экономикалық қорлар немесе қаржылық

немесе өзге осымен байланысты қызмет ұсынуға тиым салынуды қамтамасыз етуі қажет.

б) Тоқтату процедуралары. Юрисдикциялар мүдделі тұлғалар мен ұйымдарды алдын ала ескертусіз және кідіртпей төменде (с) параграфында белгіленген қаржы мен өзге мүлікті тұралату процедураларын әзірлеуі мен қолдануы тиіс. Осындай қаржы мен мүлікті ұстайтын тұлғалар мен ұйымдар заң бойынша оларды босатуға міндетті болуға тиіс, одан басқа осы талаптарды орындамағаны үшін санкцияларға жатулары тиіс. Тағайындалған тұлғалардың қаржысы немесе өзге мүлкін әрекетті тұралату мен тағайындауды қолдауға ұсынылған ақпаратты ресми алу арасындағы кез келген кешіктірілу анықталған есептік шоттар мен орындардан қаржы мен өзге мүлікті шығару үшін тағайындалған тұлғаларға уақыт беру арқылы тағайындаудың тиімділігін жояды. Осы процедуралар босату үшін осындай негіздер мен себептер бар екендігін анықтағаннан кейін келесі қаржыны немесе өзге мүлікті тоқтату мен тоқтатуға байланысты механизіміне сәйкес әрекетті бастау үшін саналы негіздер мен саналы себептердің бар немесе жоқтығы жөнінде тез анықтауды қамтамасыз ету қажет. Юрисдикцияларға қаржы секторын тоқтату бойынша олардың механизмдеріне сәйкес қолданылған шаралар туралы хабарландырудың тиімді және нәтижелі жүйесін әзірлеу қажет. Сонымен қатар, олар тоқтату механизімі бойынша шараларды орындаудың міндеттеріне қатысты мақсат болып табылатын қаржы мен өзге мүліктерді сақтай алатын қаржы мекемелері мен өзге тұлғалар және ұйымдарға нақты жетекшілікті ұсынуға тиіс.

с) Тоқтатуға жататын қаржы немесе өзге мүлік, немесе егер тартып алуға сәйкес келсе. III Арнайы Ұсынымға сәйкес тоқтатуға жататын қаржылар мен өзге мүлік 1267 (1999 ж.) және 1373 (2001ж.) резолюцияларына сәйкес тоқтатуға жататындарды қосады. Осындай қаржылар және өзге мүлік тікелей немесе жанама тағайындалған тұлғалардың толық немесе бірлесіп иелік ету немесе қадағалауына жататындарды қосады. Терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі ООН-ның халықаралық конвенциясы (1999ж.) бойынша (Терроризмді қаржыландыру бойынша конвенция (1999ж.) өздерінің міндеттеріне сәйкес терроризм мен террористі ұйымдарды қаржыландыратындар, террористер үшін қолжетімді, орналастырылған қолданылатын құқықтық принциптерге сәйкес анықтайтын, табатын және тексеретін кез келген қаржылар немесе өзге мүлікті тоқтатуға егер мүмкіндік болса тартып алуға жағдайлары болуы тиіс. Тоқтату немесе тартып алу Терроризмді қаржыландыру бойынша конвенцияға сәйкес қылмыстық тергеу немесе процесс контекстінде тоқтату немесе тартып алу арқылы жүзеге

асырылуы мүмкін. III Арнайы Ұсынымға сәйкес қолданылған тоқтату бойынша шаралар адал ниетті үшінші тұлғаларға зардап келтірусіз жүзеге асырылады.

d) тізімнен шығару процедуралары мен тоқтау. Юрисдикцияларға аз уақытында тізімнен жойылған тұлғалар мен компаниялардың қаржысы немесе өзге мүлікті тоқтату мен қолданылатын құқықтық принциптермен және халықаралық міндеттерге сәйкес келетін белгілі критерилерді қанағаттандыруда тізімнен алып тастау туралы сұрау салулардың белгілі процедураларын жариялы қолдану мен әзірлеу қажет. 1267 (1999 ж.) резолюцияға сәйкес тағайындалған тұлғалар мен компанияларға бұндай процедуралар және критерилер 1267 резолюциясына сәйкес Аль-Каида мен Талибанға қатысты санкциялар бойынша комитетпен (1999ж.) қабылданған процедураларға сәйкес келуі қажет.

e) тұлғаны тексергеннен кейін тоқтату. Тоқтату бойынша механизммен кездейсоқ тартылып, тағайындалған тұлғалардың есімдірі мен аталуларына ұқсас немесе бірдей компаниялар мен тұлғалар үшін юрисдикцияларға тартылған тұлға немесе компания тағайындаған тұлға болып табылмайды деп, тексеру жүргізгеннен кейін деркезінде осындай тұлғалар немесе компанияларының қаржысы немесе өзге мүлікті тоқтату бойынша белгілі процедураларды жариялық қолдану мен әзірлеу қажет.

f) Белгілі жағдайларда тоқтатылған қаржыларға немесе өзге мүлікке қолжеткізуді қамтамасыз ету. Егер юрисдикциялар 1267 (1999ж.) резолюция бойынша жағдайларға байланысты тоқтатуға жататын қаржылар немесе өзге мүлік негізгі жаратуларға, жаратулар мен қызметтер бойынша есептер белгілі төлемдер түрін төлеу немесе юрисдикцияның төтенше жаратылулары<sup>9</sup> үшін қажет деп белгілесе, юрисдикциялар Аль-Каида мен Талибанға қатысты санкциялар бойынша комитеттің мәлімдемесіне жататын және 1452 (2002ж.) резолюцияда белгіленген процедураларға сәйкес осындай қаржыларға немесе өзге мүлікке қолжетімділікті рұқсат бере алады. Сол негіздерде, егер тоқтату бойынша шаралар 1373 (2001ж.) резолюциясының орындалуына қолданылса юрисдикциялар қаржыларға немесе өзге мүлікке қолжетімділікке рұқсат бере алады.

g) Жүгінулер. Құзыретті органда немесе сотта қарау мақсатында осы шараны талқылай алатын терроризмді қаржыландыру контекстінде тоқтату бойынша механизмнің мақсаты болған компания немесе тұлға арқылы механизмді анықтауы тиіс.

---

<sup>9</sup> 1-бапты қараңыз, есепке алынатын, жаратулардың нақты түрлері үшін 1452 (2002 ж) резолюция

h) Санкциялар. Юрисдикциялар жоғарыда 8 (с) параграфта көрсетілгендей қаржыны немесе өзге мүлікті өздерінде сақтай алатын қаржы мекемелерінің және өзге тұлғалардың немесе компаниялардың тоқтату бойынша механизмдерін реттейтін тиісті ережелер, нормативтік актілер немесе заңнамаға сәйкестіктің тиімді мониторингі бойынша тиісті шараларды қабылдау қажет. Осындай заңнаманың, ережелердің немесе құқықтық актілердің орындалмауы азаматтық, әкімшілік немесе қылмыстық санкцияларға жатқызылуы тиіс.

#### 6. Алып қою және тәркілеу

ФАТФ-тың 3 Ұсынымдарына сәйкес юрисдикциялар террористердің қаржыларын немесе өзге мүлкін алып қоюға және тәркілеуге олардың құзыретті органдарына немесе соттарына өкілдік беретін заңнамалық шараларды қосқанда, есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы БҰҰ Конвенциясының V-бабында, Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы БҰҰ-ның Конвенциясының 12-14 баптарында және Терроризмді қаржыландыру бойынша конвенцияның (1999ж.) 8-бабына белгіленген шараларға ұқсайтын шараларды қабылдауға тиіс.

## VI Арнайы Ұсынымға Түсіндірме хат: баламалы аударымдар

### Жалпы бөлім

1. Ақша немесе құндылықтар аударымының жүйелері қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдалануға қолайлы болып тұр. VI Арнайы Ұсынымның мақсаты әсіресе қазіргі уақытта ФАТФ Ұсынымдарының ықпалына жатпайтын және әдеттегі қаржы секторының шегінен тыс дәстүрлі әрекет ететін қаржы/құндылықтар аударымы жүйелерінің барлық түрлеріне қатысты қаржыны жылыстату мен терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың тиісті шараларын қолдануды қамтамасыз ету жолымен төлемдер ағымының мөлдірлігін ұлғайту болып табылады.

2. VI Арнайы Ұсыным үш маңызды элементтен тұрады:

(a). Елдер аударымдардың ресми емес жүйелерін қоса ақша/құндылықтар аударымы бойынша қызмет көрсететін тұлғаларды (жеке немесе заңды) лицензиялауды немесе тіркеуді қажетті етулері керек;

(b). Елдер аударымдардың ресми емес жүйелерін (төменде мәтін бойынша 5-параграфта көрсетілгендей) қоса ақша/құндылықтарды аудару бойынша қызметтерге ФАТФ-тың 40 Ұсынымдарының (әсіресе, 10-21 және 26-29 Ұсынымдары) және 8 Арнайы Ұсынымдарының (әсіресе VII АҰ) нормаларының таратылуын қамтамасыз ету қажет, сондай-ақ

(c). Елдерде ФАТФ-тың тиісті Ұсынымдарының талаптарына жауап бермейтін және лицензиясыз немесе тіркеусіз көрсетілетін аударымның ресми емес жүйелерін қоса ақша/құндылықтар аударымы бойынша қызметтерге санкцияларды қолдану мүмкіндігі болуы қажет.

### Құзырет және қолдану

3. Осы Ұсынымдардың мақсаттары үшін келесі анықтамалар пайдаланылады.

4. Ақша немесе құндылықтың аударымы бойынша қызмет ұғымына ақша/құндылықтар аударымы саласында қызмет көрсететін тұлға жататын клирингтік желі арқылы немесе байланыс, хабарлама, аударым жүйесі арқылы басқа жерде алушы-бенефициарға басқа сомма немесе тиісті қолма-қол түрде төленетін және бір жерде нақты қаржы, чектер, басқа ақша құралдары және құндылықтар қабылданатын жағдайдағы қаржы қызметі жатады. Осындай операцияларға бір немесе одан көп делдал және ақырғы төлемді алатын үшінші тарап тартылуы мүмкін.

5. Ақша немесе құндылықтың аударымы бойынша қызмет реттеу жүйесінен тыс жұмыс істейтін механизмнің немесе желі арқылы, болмаса реттелетін қаржы жүйесі (мысалы, банктік есеп шотты пайдаланумен) арқылы кез келген механизм немесе банктік емес қаржы мекемелері немесе өзге кәсіпорындар арқылы ресми емес немесе реттелетін қаржы жүйесі

арқылы формальды түрде тұлғалармен (жеке немесе заңды) көрсетілуі мүмкін. Кейбір елдерде ресми емес жүйелерді көбіне аударым бойынша баламалы қызмет немесе жасырын (параллелдік) банктік жүйелер деп атайды. Жиі осындай жүйелер нақты жағрапиялық аймақтарға байланған, сондықтан спецификалық терминдерді пайдаланумен сипатталады. Осындай терминдердің кейбір мысалдары: хавала, хунди, фей-дженъ және песо<sup>10</sup> ауыстырудың қара нарығы.

6. Лицензиялау заңды негізде осындай қызметтерді көрсету үшін ақша/құндылықтардың аударымы бойынша қызмет көрсетуге уәкілетті органнан рұқсат алу қажеттігін білдіреді.

7. Осы Ұсынымды мақсаттары үшін тіркеу осындай қызметтерді көрсету үшін ақша/құндылықтардың аударымы бойынша қызметті ұсыну туралы уәкілетті органды хабардар ету немесе тіркеудің қажеттігін білдіреді.

8. Лицензиялану немесе тіркелу міндеті агентке қатысты. Ең аз дегенде негізгі бизнес уәкілетті органға ұсынылуға тиіс ағымдағы агенттер тізімін жүргізуге тиіс. Заңды тіркелген немесе лицензияланған аудармашымен (мысалы, лицензиаттар, франшизиді ұстайтындар, концессионерлер) келісім-шарт негізінде немесе оның басқаруымен ақша/құндылықтардың аударымы бойынша қызметті ұсынатын тұлға агент болып табылады.

## VI Арнайы Ұсынымды қолдану

9. VI Арнайы Ұсыным осындай әрекет оның ішінде дербес компанияның көмекші сервисі ретінде жүйелі немесе қайталау негізінде жасалған немесе негізгі немесе өзінің бизнесінің маңызды бөлігі ретінде 4 және 5 тармақтарда жоғарыда аталған әрекеттер түрі өзге тұлғаның (жеке немесе заңды) атынан жүзеге асыратын барлық тұлғаларға қолданылуы тиіс.

10. Елдер ФАТФ-тың 40 ұсынымдары (әсіресе 10-21 және 26-29 Ұсынымдар), сондай-ақ Сегіз арнайы ұсынымдар (әсіресе VIII АҰ) бойынша тиісті міндеттемелердің толық жиынтығы қолданылатын және 4 және 5 тармақтарда жоғарыда аталған әрекетпен айналысуға рұқсат беретін осындай лицензия немесе тіркеу осы елде қаржы мекемелері ретінде (ФАТФ-тың 40 ұсынымдарына сәйкес) тіркелген немесе лицензиясы бар тұлғаларға (жеке және заңды) қатысты қосымша уәкілетті орган тағайындау немесе жеке тіркеу/лицензиялау жүйесін құруға міндетті емес.

## Лицензиялау немесе тіркеу және орындау

11. Елдер лицензия беретін және/немесе тіркеуге алатын органды тағайындап, осы талаптың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. ФАТФ-тың Ұсынымына (Сегіз арнайы ұсынымдарды қосқанда) сәйкес ақша/құндылықтардың аударымы бойынша қызмет ұсынушылардың

---

<sup>10</sup> Бұл мысалдарды келтіру кез келген елде осындай жүйелердің заңдылығын ұйғартпайды.

орындауын қамтамасыз етуге жауапты орган болуы қажет. Сондай-ақ, аталған нормалардың орындалуын қамтамасыз ету мен қадағалау үшін тиімді жүйелер болуы тиіс. VI Арнайы Ұсынымның осындай интерпретациясы (яғни уәкілетті органды тағайындау қажеттілігі) ФАТФ-тың 26 Ұсынымымен келісіледі.

## Санкциялар

12. Лицензиясыз немесе тіркеусіз ақша/құндылықтардың аударымы бойынша қызметті жүзеге асыратын тұлғалар тиісті әкімшілік, азаматтық немесе қылмыстық санкцияларға<sup>11</sup> тартылулары тиіс. ФАТФ-тың 40 ұсынымдарын немесе Сегіз арнайы ұсынымдардың тиісті ережелерін толық орындамайтын ақша/құндылықтардың аударымы бойынша лицензияланған немесе тіркелген қызметтер де тиісті санкцияларға тартылуы тиіс.

---

<sup>11</sup> Юрисдикциялар осы Арнайы ұсыным жүзеге асқанда осындай тұлғалар лицензия алып немесе тіркеліп алуы үшін, ақша/құндылықтардың аударымы бойынша бар қызметтердің уақытша немесе шартты жұмысына рұқсат бере алады.

## Мақсат

1. VII Арнайы Ұсыным (VII АҰ) осындай пайдалануды анықтау мен өз қаржысының қозғалысын жүзеге асыру үшін ақша аударымына террористерді және басқа қылмыскерлердің бұндай болған жағдайда шекшіз қолжетімділігін болдырмау мақсатында әзірленген. Атап айтқанда, ол (1) террористер және өзге қылмыскерлердің кірісін қадағалау және террористер мен өзге қылмыскерлердің ісі бойынша өндірісте, анықтау және тергеуде оларға жәрдемдесу үшін тиісті құқық қорғау органдары және/немесе прокуратура органдарының, (2) қажет болғанда оны жолдау және күдікті немесе ерекше әрекетін талдау үшін қаржылық барлау бөлімшесінің (3) күдікті мәмілелер туралы хабарламалар процесі мен идентификацияны оңтайлату үшін қаржы мекемелерінің ақшасын алатындардың электрондық аударымның бастамашысы туралы негізгі ақпаратқа кідіртпей қолжетімділіктерін қамтамасыз етуге бағытталған. ФАТФ-тың ниетіне төлем жүесіне теріс әсерін тигізетін бірыңғай операциялық процесті анықтайтын немесе қатаң стандарттарды енгізу кірмейді.

## Анықтамалар

2. Осы түсіндірме хаттың мақсаттары үшін келесі анықтамалар қолданылады:

а. Электрондық аударым және қаржы аударымы термині басқа қаржы мекемесінде алушы тұлға үшін ақшаны қолжетімді ету мақсатында қаржы мекемесі арқылы электрондық құралдарымен жіберуші тұлғаның (жеке немесе заңды) атынан жүзеге асырылатын кез келген трансакцияға қатысты. Жіберуші мен алушы бір тұлға болуы мүмкін.

б. Трансшекаралық аударым жіберуші мен алушы мекемелер түрлі юрисдикцияларда орналасқан жағдайдағы кез келген электрондық аударым. Бұл термин, сондай-ақ ең болмағанда бір трансшекаралық элементі бар электрондық аударымның кез келген тіркесіне жатады.

в. Ішкі аударым жіберуші мен алушы мекемелер бір юрисдикцияларда орналасқан жағдайдағы кез келген электрондық аударымды білдіреді. Сондықтан бұл термин электрондық аударым үшін пайдаланылған жүйе басқа юрисдикцияда орналасқан болса да тек бір юрисдикцияның шекарасы шеңберінде жасалып жатқан электрондық аударымның кез келген тіркесіне жатады.

---

<sup>12</sup> Юрисдикцияларға тиісті заңнамалық немесе реттейтін өзгерістерді енгізуге және мекемелерге олардың жүйелері мен процедураларына қажетті үйренуге мүмкіндік беру үшін уақыттың қажеттілігі білінеді. Бұл кезең осы Түсіндірме хатты қабылдағаннан кейін екі жылдан аспауға тиіс.

г. Қаржы мекемесі термині ФАТФ-тың 40 ұсынымдарында берілген анықтамаға сәйкес келеді. Бұл термин қаржыны жіберу үшін қаржы мекемелеріне тек жіберетін немесе өзге қолдау жүйелерін ұсынатын кез келген жеке немесе заңды тұлғаларға қолданылмайды<sup>13</sup>

д. Жіберуші – есеп-шоттың иесі, немесе есеп-шоттың болмаған жағдайында пошталық аударымды жүзеге асыруға қаржы мекемесіне тапсырма беретін тұлға (жеке немесе заңды).

Сала

3. VII АҰ қаржы мекемелері арасында трансшекаралық және ішкі трансакцияларға төменде келтірілген шарттарда қолданылады.

Трансшекаралық электронды аударымдар

4. Трансшекаралық электронды аударымдар жіберуші туралы нақты және айқын ақпаратпен ілесуі тиіс<sup>14</sup>.

5. Трансшекаралық электронды аударымдарға ілестірілген ақпаратта барлық уақытта жіберушінің аты, және есеп-шот болған жағдайда, осы есеп-шоттың нөмірі болуы тиіс. Есеп-шот болмаған жағдайда бөлек сілтеу нөмірі кіргізілуі керек.

6. Трансшекаралық электронды аударымдарға ілестірілген ақпаратта сондай-ақ, жіберушінің мекен-жайы боуға тиіс. Дегенмен юрисдикциялар қаржы мекемелеріне мекен-жайдың орнына ұлттық идентификациялық нөмір, клиенттің идентификациялық нөмірі немесе туған күні мен туған жерін жазуға рұқсат бере алады.

7. Ақша таратқыштарымен жіберілетіндерден басқа пекеттік аударымдарда сақталатын трансшекаралық электронды аударымдар, ішкі электрондық аударымдар сияқты қаралады. Бұл жағдайда жіберуші мекеме барлық

---

<sup>13</sup> Дегенмен, бұл жүйелер VII АҰ шегінде олардың міндеттемелерін орындау үшін қаржы мекемелеріне қажеті қаржыны ұсынуға өз ролін атқарады, атап айтқанда, электрондық аударыммен жіберілген ақпараттың тұтастығын сақтауда.

<sup>14</sup> Юрисдикциялар осы Түсініктеме хатты жариялаған уақыттан бастап бір жылға мерзіміне (3000 АҚШ долларынан аспайтын) төменгі шекті болдыра алады. Аталған мерзімнің соңында төменгі шек қолайлы не қолайсыздығын анықтау үшін ФАТФ осы мәселеге шолу жасайды. Қандай болмасын шектерге қарамастан нақты және айқын ақпарат 9-параграфта көрсетілгендей анықтайтын қаржы мекемесінде сақталып қолжетімді болуы тиіс.

жіберушілерді идентификациялау үшін қажетті ақпаратты сақтап, алушы қаржы мекемелері мен мемлекеттік органдардың сұрау салулары бойынша оны ұсынуға міндетті. Қаржы мекемелері стандарттық емес трансакциялардың қаржыны жылыстату немесе терроризмді қаржыландыру қауіпін жоғарылатуы мүмкін жерлерде пакеттелмеуін қамтамасыз етуге тиіс.

Ішкі ақша аударымдары

8. Егер де жіберуші туралы толық ақпарат басқа амалдармен алушы қаржы мекемесіне және тиісті билік органдарына қолжетімсіз болса, онда ішкі электрондық аударымдарды ілестіретін ақпаратта трансшекаралық аударымдар үшін ақпарат сияқты жіберуші туралы да ақпаратты қосуға тиіс. Бұл соңғы жағдайда қаржы мекемелеріне бұл нөмір немесе идентификатор жіберушіге дейін кері трансакцияны қадағалуға мүмкіндік берген шарттарда есеп шот нөмірі немесе идентификациялық нөмірді қосқан жеткілікті.

9. Ақпарат сұрау салуды алған бойда үш жұмыс күн ішінде жіберуші қаржы мекемесінен немесе алушы қаржы мекемесінен немесе тиісті мемлекеттік мекемеден қолжетімді болуға тиіс. Құқық қорғау органдары осындай ақпаратты кідіртпей ұсынуды мәжбүрлеуге шамалы болуға тиіс.

## **VII АҰ-дан ерекшеліктер**

### **10. VII АҰ төлемдердің келесі түрлеріне жақындауды білдірмейді:**

а. Егер кредиттік немесе дебеттік картаның нөмірі осы трансакциядан шыққан аударымдардың барлығын ілестіріп жүрсе кредиттік немесе дебеторлық картаны пайдаланумен жүзеге асырылатын трансакциядан болатын кез келген аударым. Дегенмен, егер кредиттік немесе дебеторлық карталар ақша аударымын жүзеге асыру үшін төлем жүйесі ретінде пайдаланылса VII АҰ-на жатады және қажетті ақпарат ілеспе хабарламаға қосылуға тиіс.

б. Қаржы мекемесінен қаржы мекемесіне аударымдар және жіберуші де алушы да өзінің атынан әрекеттенетін қаржы мекемесі болғандағы реттеу.

Жіберуші, арадағы және алушы қаржы мекемелерінің рөлі

Жіберуші қаржы мекемесі

11. Жіберуші қаржы мекемесі ұсынымға жататын электрондық аударымдарда жіберуші туралы толық ақпараттардың бар болуын қамтамасыз етуге тиіс. Жіберуші қаржы мекемесі осы ақпаратты нақтылыққа тексеруге және ФАТФ-

тың 40 ұсынымдарында белгіленген стандарттарына сәйкес осы ақпаратты сақтауға тиіс.

#### Арадағы мекеме

12. Трансшекаралық және ішкі электрондық аударымдар үшін электрондық аударымдардың осындай тіркестерінде арадағы элементті атқаратын қаржы мекемелері электрондық аударыммен жіберілетін жіберуші туралы барлық ақпараттың аударыммен сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

13. Трансшекаралық электрондық аударымды ілестіретін жіберуші туралы толық ақпараттың тиісті ішкі электрондық аударыммен қалуына техникалық шектеулердің мүмкіндік бермеген жағдайында (төлем жүйелерін адаптациялау үшін қажетті уақыт мерзіміне) жіберуші қаржы мекемесінен алынған ақпарат туралы мәліметтер алушы, арадағы қаржы мекемесімен бес жыл аралығынада сақталуға тиіс.

#### Алушы қаржы мекемелері

14. Алушы қаржы мекемелерінің жіберуші туралы ақпараты толық емес электронды аударымдарды идентификациялау үшін тәуекелдік талдауында негізделген тиімді процедуралары болуға тиіс. Жіберуші туралы толық ақпараттың болмауы электрондық аударым немесе онымен байланысты трансакциялар күдікті ме, және егер қажет болса олар туралы қаржылық барлау бөлімшесіне немесе өзге құзырлы органдарға хабарлау қажет пе соны бағалау факторы ретінде талқылануы мүмкін. Кей жағдайларда алушы қаржы мекеме VII АҰ-ның стандарттарына сәйкес келмейтін қаржы мекемелерімен өздерінің іскерлік қатынастарын шектеуді немесе жоюдың мүмкіншілігін талдауға тиіс.

Электрондық аударымдар бойынша ережелерді және нормативтік актілерді орындамайтын қаржы мекемелеріне санкциялар механизмдері

15. Юрисдикциялар қаржы мекемелердің электрондық аударымдарды реттейтін нормативтік актілер мен ережелердің орындауына тиімді мониторинг жүргізу үшін тиісті шараларды қабылдауға тиіс. Осындай ережелер мен құқықтық актілерді орындамайтын қаржы мекемелері азаматтық, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылуға тиіс.

IX Арнайы Ұсынымға Түсіндірме хат: нақты ақшаны тасмалдау бойынша шабармандар

## Мақсаттар

1. IX Арнайы Ұсыным мемлекеттік шекаралар арқылы ұсынушыға айналым құжаттары және нақты ақшаны тасмалдау арқылы қылмыстық жолмен алынғандарды жылыстатуға немесе өзінің қызметін қаржыландыру мүмкіндігінен террористер және қылмыскерлерді айыру мақсатында әзірленген. Осы Ұсынымның мақсаты 1) мемлекеттік шекаралар арқылы ұсынушыға айналым құжаттары және нақты ақшаны тасмалдау жағдайларын анықтауға; 2) қылмыстық кірістерді жылыстату немесе терроризмді қаржыландыруға оларды пайдаланудың мүмкіндігі туралы күдік туған жағдайда ұсынушыға айналым құжаттары және нақты ақшаны ұстап қалу немесе қозғалысын тоқтатуға; 3) декларацияда немесе ауысша түсінісуде тура емес немесе толық емес ақпаратты көрсеткен жағдайда ұсынушыға айналым құжаттары және нақты ақшаны ұстап қалу немесе қозғалысын тоқтатуға; 4) декларацияда немесе ауысша түсінісуде тура емес немесе толық емес ақпаратты көрсетуге жауаптылықтың адекваттық шараларын қолдануға; 5) олардың қылмыстық жолмен алынған қаржыны жылыстату және терроризмді қаржыландырумен байланысы болған жағдайда ұсынушыға айналым құжаттары және нақты ақшаны тәркілеу мүмкіндігін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік шараларды қабылдауды қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекеттер осы ақпаратты тиісті пайдалануды қамтамасыз ететін қатал механизмдер жағдайында (i) тауарлар немесе қызметтер үшін саудалық сипаттағы төлемдерді; қандай болмасын жолмен капитал қозғалысының бостандығын шектемей IX Арнайы Ұсынымды имплементациялауға тиіс.

## Анықтамалар

2. IX Арнайы Ұсынымның және осы түсіндірме хаттың мақсаттары үшін келесі анықтамалар қолданылады.

3. «Ұсынушыға айналым құжаттары» термині: жол чектеріне; құжаттарды тікелей беру жолымен меншік құқығының өтуіне мүмкіндік беретін өзге формада немесе жоқ алушыға жазылған бланкетті беру жазуы бар немесе ұсынушыға формасында шығарылған айналым құжаттарына (чектерді, векселдерді, төлем тапсырмаларын қосқанда); қол қойылған, бірақ қаржыны алушының аты көрсетілмеген, толық толтырылмаған құжаттарға (чектер, векселдер, төлем тапсырмалары) жатады<sup>15</sup>.

---

<sup>15</sup> Осы түсініктеме хаттың мақсаттары үшін төлем құралы немесе құндылықтардың ауысу құралы ретінде белгілі жағдайларда пайдалану мен олардың жоғары өтімділігіне қарамастан алтын, бағалы металдар мен тастар кіргізілмеген. Олардың ауысуы өзге жағдайларда кедендік заңнамамен реттелуі мүмкін. Егер мемлекет алтынның, бағалы металдар және тастардың ерекше ауысуын байқаса, ауысымның қайдан/қайда

4. «Валюта» термині заңды төлем құралы болып табылатын банкноттар және монеталарға жатады.

5. «Шекара арқылы физикалық орын ауыстыру» термині бір мемлекеттен басқа мемлекетке ұсынушыға айналым құжаттары немесе нақты ақшаны тікелей тасмалдауды білдіреді. Термин тасмалдаудың келесі амалдарын жорамалдайды: 1) жеке тұлғаның тікелей немесе оның жүгінде, немесе көлік құралдарында тасмалдауы; 2) нақты ақшаны жүкпен бірге контейнерлерде тасмалдау; 3) жеке немесе заңды тұлғамен ұсынушыға айналым құжаттары немесе нақты ақшаны поштамен жіберу.

6. «Жалған декларациялау» термині құзыретті биліктің сұрау салуы бойынша өзге мәселелер немесе декларация мақсаттары үшін өзге мәселелері бойынша шынайы емесе ақпаратқа немесе ұсынушыға айналым құжаттары немесе нақты ақшаның саны немесе құнына қатысты декларацияда көрсетілген шынайы емес ақпаратқа жатады. Бұл декларациялау міндетті болған жағдайда, декларация тапсырмауға да жатады.

7. «Ашудағы жалған ақпарат» термині құзыретті биліктің сұрау салуы бойынша өзге мәселелер немесе ұсынушыға айналым құжаттары немесе нақты ақшаның саны немесе құнына қатысты ауызша әңгімелесуде көрсетілген шынайы емес ақпаратқа жатады. Бұл сонымен қатар, мұндай ашу міндетті болған жағдайда ашпауға қатысты.

8. Егер ұсынушыға айналым құжаттары немесе нақты ақшаға қатысты болған жағдайда «терроризмді қаржыландыруға немесе қылмыс жолымен алынған кіріспен байланыс» термині пайдаланылса, онда осы ақша мен құжаттар: 1) террористік ұйымдардың кірісі болып табылады, немесе терроризмді қаржыландыру немесе террористік актілерді жасау мақсатында пайдаланылады, болмаса оларды пайдалану жорамалданады; 2) жоғарыда аталған қылмыстарды жасағанда оларды пайдалану ниеті бар, болмаса «жылыстатылған», қаржыны жылыстатудан немесе предикаттық қылмыстардан кіріс болып табылады немесе олар пайдаланылады.

Нақты ақшаны тасмалдайтын шабармандармен күресу мақсатында әрекетке енгізілуі мүмкін жүйелер түрі.

---

келгендігі туралы мемлекеттің кеден билігін хабардар ету мәселесін қарауға тиіс, және тиісті шараларды қабылдау үшін аталған металдар мен тастардың ауысуының мақсаттары, тағайындауы және негізін анықтау мақсатында қызметтесуге тиіс.

9. Мемлекеттер келесі жүйелердің біреуін енгізу жолымен ІХ Арнайы Ұсыным немесе осы түсіндірме хат бойынша міндеттемелерді орындай алады:

a. Декларациялау жүйесі: Декларациялау жүйесінің негізгі сипаттамасы болып келесілер табылады. Соммасы белгіленген максималды шектен 15000 доллардан АҚШ/Евро асатын ұсынушыға айналым құжаттары немесе нақты ақшаны шекара арқылы тасымалдайтын барлық тұлғалар билікке нақты декларацияны беруге тиіс. Декларация жүйесін енгізетін Мемлекеттер ІХ Арнайы Ұсынымның мақсаттарына жету үшін белгіленген шек жеткілікті түрде төмен екендігіне көз жеткізулері тиіс.

b. Ашу жүйесі: Ашу жүйесінің негізгі сипаттамасы болып келесілер табылады. Ұсынушыға нақты ақша немесе айналым құжаттарын шекара арқылы тасымалдайтын барлық тұлғалар билікке олардың талабы бойынша түсініктеме беруге тиіс. Ауызша түсіндіру жүйесін енгізетін мемлекеттер биліктің күдікке немесе барлау ақпараты немесе кездейсоқ таңдауға негізделіп сұрау салу жасайтынына көз жеткізулері тиіс.

Екі жүйенің қосымша элементтері

10. Мемлекеттер келесі элементтердің әрекетінің таңдалған жүйеге қарамастан қамтамасыз етуге тиіс:

a. Декларациялау жүйесі және ашу жүйесі ұсынушыға айналым құжаттарының және нақты ақшаның кіргізуіне де шығарылуына да қолданылуы тиіс.

b. Декларацияда немесе ашуда жалған ақпарат алған жағдайда және декларация бермеген немесе ашпау жағдайында қаржының негізі туралы және оларды жорамалды пайдалану туралы ақпаратты тасмалдаушыдан алуға және сұрау салуға уәкілеттіктері болуға тиіс.

c. Декларациялау жүйесі немесе ашу жүйесі көмегімен алынған ақпарат қаржылық барлау бөлімшесіне қолжетімді болуға тиіс, болмаса ақпараттың қаржылық барлау бөлімшесіне тікелей қолжетімді болуы үшін кез келген өзге жолдармен ұсынушыға айналым құжаттарының және нақты ақшаның мемлекеттік шекара арқылы тасмалдың күдікті жағдайлары туралы қаржылық барлау бөлімшесі ақпараттандырылса.

d. Ішкі деңгейде мемлекеттер кеден, иммиграциялық және өзге мүдделі қызметтері арасында ІХ Арнайы Ұсынымды имплементациялау мәселелері бойынша тиісті ынтымақтастықты қамтамасыз етуге тиіс.

е. Келесі екі жағдайда қылмыстық жолмен алынған кірісті жылыстатуға немесе терроризмді қаржыландырудың айғағы табылады анықтауға болатын саналы мерзімге ұсынушыға айналым құжаттарының және нақты ақшаның ауысуын тоқтату бойынша уәкілеттіктері болуға тиіс: (i) қылмыстық жолмен алынған кірісті жылыстатуға немесе терроризмді қаржыландыру туралы күдік болғанда; немесе (ii) немесе қаржылар жалған декларацияланған немесе олар туралы жалған ақпарат ашылған;

f. Декларациялау және ашу жүйелері V арнайы Ұсынымға және 35-40 Ұсынымдарға сәйкес халықаралық ынтымақтастық және халықаралық көмек көрсетуді қамтамасыз етуге тиіс. Осы мақсатпен осы жүйелердің көмегімен алынған барлық ақпарат билікпен тіркелуге және өңделуге тиіс. Бұл ақпарат кем дегенде: 1) ұсынушыға айналым құжаттарының номиналы туралы немесе нақты ақшаның соммасы туралы мәліметтер; 2) ұсынушыға айналым құжаттары және нақты ақша иесінің жеке басы туралы мәліметтерден тұруға тиіс.

#### Жауапкершілік шаралары

11. Декларацияда немесе ашуда жалған ақпарат көрсеткен тұлғаларға қылмыстық немесе әкімшілік заңнаманың шеңберінде жауапкершіліктің тиімді және пропорционалды шаралары қолданылуға тиіс. Қылмыстық жолмен алынған кірісті жылыстатуға немесе терроризмді қаржыландыруға байланысты ұсынушыға айналым құжаттары немесе нақты ақшаны мемлекеттік шекара арқылы тасмалдайтын тұлғаларға III арнайы Ұсынымға және 3 Ұсынымға сәйкес ұсынушыға осындай айналым құжаттары және нақты ақшаны тәркілеуге беретін рұқсатқа қоса қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік заңнаманың шеңберінде жауапкершіліктің тиімді және пропорционалды шаралары, қолдану қажет.